

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ «Шығыс» жер қойнауын пайдаланудың жаңа жобасын бірлесіп іске асыру үшін стратегиялық серіктесті іздеуді жүзеге асырады.

1) **Жер қойнауын пайдаланудың жаңа жобасының (жер қойнауы учаскесінің) атауы – «ШЫҒЫС».**

2) **Жер қойнауы учаскесінің орналасқан жері – Ақтөбе облысы.** Жер қойнауы учаскесі координаттарын көрсете отырып, мемлекеттік қорды басқару бағдарламасына енгізілді және ұлттық компанияларға жер қойнауын пайдалану құқығын беру үшін Көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған жер қойнауы учаскелері аумақтарының тізбесіне кіреді (14.12.2024 ж. №423 бұйрық). Құжатқа сілтеме <https://www.gov.kz/memleket/entities/mps/press/article/details/17047?lang=ru>

3) **Кейіннен жер қойнауын пайдалану құқығын алу үшін «Шығыс» жобасын инвестициялық қаржыландыруды жүзеге асыру бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ стратегиялық серіктесін анықтау критерийлерін белгілейтін, заңды тұлғаларға (заңды тұлғалар консорциумына) қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар):**

«Ұйым» қазақстандық немесе шетелдік заңды тұлғаны (олардың бірлестігін) білдіреді.

«Бас компания» Ұйымдағы 100% қатысу үлесіне (акциялар пакетіне) тікелей немесе жанама иелік ететін заңды тұлғаны білдіреді.

1. Заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеудің болуы (сауда тізілімінен үзінді көшірме немесе өтініш берушінің шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын басқа да заңдастырылған құжат).

2. Ұйым тарату, қайта ұйымдастыру немесе банкроттық сатысында болмауы керек.

3. Ұйымның салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша өтелмеген берешегі болмауы тиіс.

4. Ұйымның немесе оның Бас компаниясының Қазақстан Республикасының аумағында және (немесе) шетелде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің оң тәжірибесі болуы тиіс:

- көмірсутектерді өнеркәсіптік өндіру тәжірибесі кемінде 10 жыл; және
- геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу тәжірибесі кемінде 5 жыл (сейсмикалық барлау және барлаулық бұрғылау жүргізу); және
- жұмыстар бағдарламасын орындау тәжірибесі кемінде 5 жыл.

5. Ұйымда не оның Бас компаниясында мұнай-газ саласында кемінде 10 (он) жыл жұмыс тәжірибесі бар білікті мамандардың (менеджменттің) болуы.

6. Ұйымның өзіндік капиталы кемінде 200 000 000 (екі жүз миллион) АҚШ долларын құрауы тиіс.

7. Ұйым немесе оның Бас компаниясы Forbes (<https://www.forbes.com/global2000/list/>) нұсқасы бойынша мұнай-газ саласындағы (Oil & Gas Operations) әлемдегі ең ірі әлемдік жария компаниялардың тізіміне кірген жағдайда, Талаптардың 4, 5 және 6-тармақтары қолданылмайды.

8. Ұйым өзіне «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының кодексінде белгіленген тәртіппен тікелей келіссөздер негізінде жер қойнауын пайдалану құқығын алу мақсаттары үшін жасалған бірлескен қызмет туралы шарт (келісім) және (немесе) қаржыландыру туралы келісім бойынша барлауды инвестициялық қаржыландыруды жүзеге асыру жөніндегі міндеттемені алуға тиіс.

9. Ұйым өзіне қол қою бонусын төлеу не «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ төлеген қол қою бонусының сомасын өтеу бойынша міндеттеме алуға тиіс.

10. Стратегиялық серіктесті тікелей немесе жанама бақылайтын басшылар туралы, заңды тұлғалар, жеке тұлғалар, мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар туралы деректер.

11. Соңғы үш жылда стратегиялық серіктес өз қызметін жүзеге асырған мемлекеттер тізімін қоса алғанда, оның алдыңғы қызметі туралы деректер.

12. Барлау кезеңінде жұмыстарды орындау көлемі, сипаттамасы және мерзімдері қамтылған жұмыстар бағдарламасын орындау үшін жеткілікті қаржы қаражатының болуын растау.

4) Талаптарды растау үшін Ұйым ұсынатын құжаттар тізбесі:

1. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың немесе өзге құжаттың) көшірмесі, сауда тізілімінен үзінді немесе өтініш берушінің шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатындығын куәландыратын басқа да құжат, заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум) үшін - консорциум туралы келісімнің көшірмесі және консорциумға қатысушыларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктердің (анықтамалардың немесе өзге де құжаттардың) көшірмелері.

2. Белгіленген тәртіппен бекітілген жарғы көшірмесі, үлгі жарғысы негізінде тіркелген заңды тұлғалар үшін - заңды тұлғаны тіркеу туралы белгіленген нысандағы өтініштің көшірмесі.

3. Басшылар және олардың өкілеттіктері туралы мәліметтер, қатысушылардың (акционерлердің) қатысу үлестерінің (акциялар пакеттерінің) мөлшерін көрсете отырып олар туралы мәліметтер, өтініш берушіні тікелей немесе жанама бақылайтын заңды тұлғалар, жеке тұлғалар,

мемлекеттер және халықаралық ұйымдар туралы мәліметтер, бағалы қағаздардың жалпы санын көрсете отырып, осындай қағаздардың ұйымдастырылған нарығында заңды тұлғаның бағалы қағаздарының айналымы туралы мәліметтер, еншілес ұйымдар туралы деректер кіретін ақпараттық құжат.

4. Ұйым немесе оның Бас компаниясы соңғы үш жылда жұмыс тәжірибесі бар немесе өз қызметін жүзеге асырған мемлекеттердің тізімін қоса алғанда, бұрынғы қызметі туралы деректер.

5. Ұйым немесе оның Бас компаниясы геологиялық барлау жұмыстарын / жер қойнауын пайдалану операцияларын соларға сәйкес жұмыс тәжірибесі бар немесе жүргізген немесе жүргізетін жер қойнауын пайдалануға жасалған келісімшарттың немесе өзге де келісімнің нөмірі және күні.

6. Ұйымның немесе оның Бас компаниясының мұнай-газ саласында кемінде 10 (он) жыл жұмыс тәжірибесі бар негізгі қызметкерлерінің (менеджмент) тізімі, Ұйымның аталған қызметкерлерінің түйіндемесі.

7. Ұйымның 2021-2023жж. кезендер үшін аудиттелген қаржылық есептіліктерінің көшірмелері немесе Ұйымның Бас компаниясы құрылған елдің мемлекеттік органынан (министрлігінен) Ұйымның және бас компанияның мемлекеттік ұйым ретіндегі мәртебесін растайтын және кемінде 200 000 000 (екі жүз миллион) АҚШ доллары көлемінде меншікті капиталы бар екенін растайтын ресми хат.

8. Ұйым немесе оның Бас компаниясы Forbes нұсқасы бойынша мұнай-газ саласындағы (Oil & Gas Operations) әлемдегі ең ірі әлемдік жария компаниялардың тізіміне кірген жағдайда, Талаптардың 7-тармағында көрсетілген ақпараттық ресурсқа растайтын сілтемесі бар Ұйымнан немесе Бас компаниядан хат.

9. Құжаттарда көрсетілген барлық мәліметтердің дұрыс екендігі туралы Ұйымның жазбаша растауы.

Барлық құжаттар қазақ және орыс тілдерінде жасалады. Егер құжаттарды шетелдік заңды тұлға ұсынған жағдайда, мұндай құжаттар әрбір құжатқа құжаттың қазақ және орыс тілдеріне аудармасын міндетті түрде қоса бере отырып, өзге тілде жасалуы мүмкін, аударманың дұрыстығын нотариус куәландыруы тиіс.

5) Ынтымақтастық нысаны бойынша ең төменгі талаптар:

1. «Шығыс» жобасы бойынша геологиялық-геофизикалық деректерге қол жеткізу үшін КМГ өтінімдерін қарау нәтижелері бойынша Талаптарға сәйкес келетін Ұйымдар келесі төлемдерді жүзеге асырады:

- 1.1 Төлем жасау міндеттемесі КМГ тарапынан Талаптарға сәйкес келетін Ұйымдар тізімін бекіткен күннен бастап күшіне енеді;
 - 1.2 Әрбір Талаптарға сәйкес келетін Ұйым «Шығыс» жобасы бойынша геологиялық-геофизикалық деректерге қол жеткізу үшін «KMG-Barlau» ЖШС (КМГ-нің 100% еншілес ұйымы) тарапынан жұмсалған шығындардың 100% мөлшерінде төлем жасайды;
 - 1.3 Ұйым төлеген сома қайтарылмайды;
 - 1.4 Төлем мерзімдері КМГ мен Ұйым арасында жасалатын Өзара түсіністік туралы меморандумда және «KMG-Barlau» ЖШС-мен деректерге қол жеткізу туралы шартта белгіленеді.
2. Жобадағы КМГ үлесі – 50%.
 3. Серіктестік үшін төлем(дер) ҚҚС сомасына ұлғайтылып есептеледі.
 4. ҚҚС сомасына ұлғайтылған КМГ үлесін Қол қою бонусы бойынша өтеу.
 5. Міндетті жұмыс бағдарламасына ұзындығы 500 км болатын 2D сейсмикалық зерттеулерді жүргізу (далалық жұмыстарды, деректерді өңдеу және интерпретациялауды қоса алғанда), тереңдігі кемінде 3500 метр болатын бір барлау ұңғымасын бұрғылау (ұңғымаларды ң тереңдігі мен орналасуы геологиялық-геофизикалық деректерді талдау нәтижелері бойынша нақтыланады) жұмыстарын қосу.

б) «Шығыс» жер қойнауын пайдаланудың жаңа жобасын бірлесіп іске асыру үшін Ұйымдардың өтінімдер беру тәртібі мен мерзімі:

Үміткерлерге қойылатын Талаптарды растау үшін құжаттарды ұсына отырып Ұйымның өтінімдері «Шығыс» жер қойнауын пайдаланудың жаңа жобасын бірлесіп іске асыру үшін стратегиялық серіктесті іздеу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей беріледі.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Z05H9E8, Астана қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 8-үй, 1-ө.к.

7) «Шығыс» жобасын бірлесіп іске асыру үшін стратегиялық серіктесті анықтау шарттары мен тәртібі:

Осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн өткеннен кейін Ұйымдардан өтінімдерді қабылдау тоқтатылады, бұл туралы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның www.kmg.kz корпоративтік интернет-сайтында жазылады.

Ұйымдардың қоса берілген құжаттарымен белгіленген мерзімде ұсынған өтінімдерін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Талаптарға сәйкестігіне қарайды.

Талаптардың 7-тармағына сәйкес келмеген жағдайда, Ұйым немесе оның Бас компаниясы «Шығыс» жобасы бойынша стратегиялық серіктесті айқындау рәсіміне қатысқаны үшін \$500 000 (бес жүз мың АҚШ доллары) мөлшерінде кепілдік жарна төлейді, сондай-ақ эскроу-шотты пайдаланады не «Шығыс» жобасы бойынша ақшалай міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін банк кепілдігін немесе Бас/үлестес компанияның кепілдігін (жеткілікті қаржылық төлеммен) ұсынады. Қатысу үшін төленген қамтамасыз ету салымы стратегиялық серіктесті анықтау немесе стратегиялық серіктесті іздеуді сәтсіз деп тану процесі аяқталғаннан кейін Ұйымға қайтарылады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның банктік деректемелері

Шот иесі: «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

БСН 020240000555

Банк: «Қазақстанның Халық банкі» АҚ

Шот нөмірі (АҚШ доллары): KZ406010111000002040

Шот нөмірі (теңге): KZ356010111000002033

Swift БИК коды: HSBKKZKX

Кбе 16

Талаптарға сәйкес келетін Ұйымдар тізімі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның www.kmg.kz корпоративтік интернет-сайтында жарияланады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Талаптарға сәйкес келетін Ұйымдардың атына қол қою үшін өзара түсіністік туралы меморандумды және құпиялылық туралы келісімді жолдайды. Бұл құжаттар «Шығыс» жер қойнауын пайдаланудың жаңа жобасын бірлесіп іске асыру үшін стратегиялық серіктесті тарту мен айқындаудың одан әрі рәсімін айқындайды.